

Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 мамырдағы № А-4/219 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 маусымда № 1-19-180 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № а-12/583 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2010.12.31 № а-12/583 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2 тармақшасына, сәйкес аудан әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін :

- 1) ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтін тұлғалардың (бір жылдан астам);
- 2) жиырма төрт жасқа дейінгі жастар;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Б. Нұрпановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Бурабай ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

В.Балахонцев